

2014 жылғы егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 77 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 сәуірде № 3500 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 67 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 17.03.2015 № 67 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына , "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі аудан аумағында 2014 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Тасқала ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Серғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	С. Әлиев			
2014	жылғы	1	сәуірдегі	№ 77
аудан		әкімдігінің		қаулысына
қосымша				

**Өсімдік шаруашылығындағы
міндетті сақтандыруға жататын
өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері
бойынша табиғи-климаттық аймақтар**

**бөлігіндегі аудан аумағында 2014 жылғы
егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының
оңтайлы мерзімдері**

№	Дақылдардың түрлері	Оңтайлы егу мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
Құрғақ дала аймағы			
1	Жаздық бидай	1 мамыр	10 маусым
2	Жаздық арпа	1 мамыр	1 маусым
3	Тары	10 мамыр	10 маусым
4	Күнбағыс	10 мамыр	10 маусым
5	Күздік бидай	10 тамыз	10 қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК